

Әскери сауда кәсіпорындарының өнеркәсіп және азық-түлік тауарларының импорты мен экспортына жеңілдікпен салық салу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 маусым 1994 ж. N 586

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік Комитеті мен Ішкі әскерлерінің республика аумағында және одан сырт жерлерде әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерін сауда-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

(1 - т а р м а қ) .

Ескерту. 1-тармағының күші жойылды - ҚРМК-нің 1994.11.02. N 1219 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі жүктерді тасымалдау

және өткізу үшін қажетті көлік құралдарының Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Бас сауда басқармасының өтінімі бойынша бөлінуін қамтамасыз етсін;

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Бас сауда басқармасы республика шекарасы арқылы өткізілетін жүктер жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасына уақтылы хабарландырып тұрсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер кабинетінің
1994 жылғы 3 маусымдағы
N 586 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
Бас сауда басқармасы әскери сауда кәсіпорындарының
1994 жылғы өнеркәсіп және азық-түлік тауарлары
импортының түр-түрі мен көлемі

-----!-----!-----!-----

Тауардың атауы ! Өлшем ! Саны ! Сомасы

! бірлігі ! ! (млн.теңге)

	!	!	!
Тігін бұйымдары (оның ішінде әскери киім-кешек)	мың дана	100	30
Трикотаж бұйымдары (оның ішінде балаларға арналған түр-түрі)	мың дана	100	20
былғары аяқ киім (оның ішінде әскери аяқ киім)	мың дана	100	20
Шұлық-ұйық бұйымдары	мың дана	100	10
Телевизорлар	мың дана	5	10
Магнитофондар	мың дана	3,5	5
Радиоқабылдағыштар	мың дана	4,5	5
Кір жуғыш машиналар	мың дана	4	5
Тігін машиналары	мың дана	4	5
Жиһаз	мың дана	6	30
Мотоциклдер, автомобильдер	шартты бірлігі	1500	50
Қол сағаттары	мың дана	10	3
Парфюмерлік-косметикалық тауарлар	млн. шартты бірлік	0,15	15
Пластмассадан жасалған бұйымдар	млн. шартты бірлік	25	2
Кеңсе тауарлары	млн. шартты бірлік	1	10
Металл галантереясы	млн. шартты бір.	100	3
Темекі өнімі	млн. қорап	2,5	10
Сыра	мың шыны	13,4	28
Макарон өнімі	мың тонна	2,5	5
Ет және ет өнімдері	тонна	660	10
Қант	мың тонна	2,5	20
Шай	тонна	67	2
Кондитер өнімдері	тонна	1	20
Маргарин өнімі	тонна	500	10
Өсімдік майы	тонна	500	10
Балық және балық тауарлары	тонна	250	10
Жеміс консерві өнімдері	млн. шартты бір.	2,5	15

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 3 маусымдағы
N 586 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Бас сауда
басқармасы әскери сауда кәсіпорындарының 1994 жылғы өнеркәсіп
және азық-түлік тауарлары экспортының түр-түрі мен көлемі

Тауардың атауы	! Өлшем !	Саны !	Сомасы
	! бірлігі !		!(млн.теңге)
Ұн	тонна	30770	40
Жарма	тонна	2500	5
Макарон өнімдері	тонна	3500	7
Ет және ет өнімдері	тонна	1333	20
Жүн	тонна	2000	160
Темір	тонна	8000	20
Кілем және жапқыш кілемдер	шаршы м.	10000	10
Жиһаз	дана	2500	15
Ағаш	текше м.	20000	20